

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен**  
**жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар**  
**9-сынып**

Нұр-Сұлтан, 2019

### **Құрметті мұғалім!**

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 9-сынып білім алушыларына «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ [smk.edu.kz](http://smk.edu.kz) ресми сайтынан таба аласыз.

### **Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!**

Әдістемелік ұсыныстар негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстар дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

## МАЗМҰНЫ

### **I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .... 4**

1-бөлім «Бірінші дүниежүзілік соғыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 4

2-бөлім «Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ресей мен Азия елдері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 7

### **II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР . 11**

3-бөлім «Әлемдік экономикалық дағдарыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 11

4-бөлім «Тоталитаризм мен демократияның қарама-қарсы тұруы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 14

### **III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР 18**

5-бөлім «Екінші дүниежүзілік соғыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 18

6-бөлім «XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 22

### **IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР 26**

7-бөлім «XX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..... 26

8-бөлім «XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктері» және 9-бөлім «XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы ғылым мен мәдениеттің дамуы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау ..... 29

# І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

## 1-бөлім «Бірінші дүниежүзілік соғыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тақырыптар                 | Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары мен себептері қандай?<br>XX ғасырдың бірінші жартысындағы қандай ғылыми жаңалықтар мен жаңа технологиялар Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысына ықпал етті?                                                                                                                                                                      |
| Оқу мақсаты                | Версаль-Вашингтондық жүйе қаншалықты тұрақты болды?<br>8.3.2.5 XX ғасырдың басындағы әлемнің аумақтық бөлінуін және мемлекеттердің саяси құрылымын сипаттау<br>8.2.4.3 Тарихи оқиғаларға түсіндірме бере отырып, әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін бағалау<br>8.3.2.4 Ұлттар Лигасының қызметі мен Версаль-Вашингтон жүйесін талдау және бағалау |
| Бағалау критерийі          | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"><li>XX ғасырдағы территориялық бөлініс пен саяси құрылымды түсіндіреді</li><li>Соғыстағы техникалар мен стратегиялардың рөліне баға береді</li><li>Ұлттар Лигасы мен Версаль-Вашингтон жүйесіне баға береді</li></ul>                                                                                                   |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Орындау уақыты             | Жоғары деңгей дағдылары<br>20 минут                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

### Тапсырма

1. Берілген кестені толтырыңыз.

|                                                          |  |
|----------------------------------------------------------|--|
| XX ғасырдың басындағы метрополия мемлекеттерді атаңыз    |  |
|                                                          |  |
| Анықталған мемлекеттердің ықпал еткен аймағын сипаттаңыз |  |
|                                                          |  |

2. Берілген терминдерді түсіндіріңіз.

империализм - \_\_\_\_\_

монархия - \_\_\_\_\_

3. Сомма және Верден шайқастарында қолданылған әскери техникалар мен стратегияларды дәлелдер келтіре отыра талдаңыз.

|               |
|---------------|
| Сомма шайқасы |
|---------------|

|                |
|----------------|
| Верден шайқасы |
|----------------|

4. Ұлттар лигасы мен Версаль-Вашингтон жүйесін талдаңыз.

|                              |                      |                                 |
|------------------------------|----------------------|---------------------------------|
|                              | <i>Ұлттар Лигасы</i> | <i>Версаль-Вашингтон жүйесі</i> |
| Мақсаты                      |                      |                                 |
| Халықаралық қатынастағы ролі |                      |                                 |

| Бағалау критерийі                                                  | Тапсырма № | Дескриптор                                                                                          | Балл |
|--------------------------------------------------------------------|------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
|                                                                    |            | Білім алушы                                                                                         |      |
| XX ғасырдағы территориялық бөлініс пен саяси құрылымды түсіндіреді | 1          | 1-метрополия мемлекетті атайды;                                                                     | 1    |
|                                                                    |            | 2-метрополия мемлекетті атайды;                                                                     | 1    |
|                                                                    |            | 1-метрополия мемлекеттің ықпал еткен аймағын сипаттайды;                                            | 1    |
|                                                                    |            | 2-метрополия мемлекеттің ықпал еткен аймағын сипаттайды;                                            | 1    |
|                                                                    | 2          | империализм ұғымын түсіндіреді;                                                                     | 1    |
|                                                                    |            | монархия ұғымын түсіндіреді;                                                                        | 1    |
| Соғыстағы техникалар мен стратегиялардың рөліне баға береді        | 3          | Сомма шайқасында қолданылған әскери техникалар мен стратегияларды дәлелдер келтіре отыра талдайды;  | 1    |
|                                                                    |            | Верден шайқасында қолданылған әскери техникалар мен стратегияларды дәлелдер келтіре отыра талдайды; | 1    |
| Ұлттар Лигасы мен Версаль-Вашингтон жүйесіне баға береді           | 4          | Ұлттар Лигасының мақсатын түсіндіреді;                                                              | 1    |
|                                                                    |            | Ұлттар Лигасының халықаралық қатынастағы рөліне баға береді;                                        | 1    |
|                                                                    |            | Версаль-Вашингтон жүйесінің мақсатын түсіндіреді;                                                   | 1    |
|                                                                    |            | Версаль-Вашингтон жүйесінің халықаралық қатынастағы рөліне баға береді.                             | 1    |
| Барлығы                                                            |            |                                                                                                     | 12   |

**«Бірінші дүниежүзілік соғыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты  
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні:** \_\_\_\_\_

| Бағалау критерийі                                                  | Оқу жетістігі деңгейі                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                  |
|--------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                    | Төмен                                                                                                                                                     | Орта                                                                                                                                                                 | Жоғары                                                                                                                                           |
| XX ғасырдағы территориялық бөлініс пен саяси құрылымды түсіндіреді | 1/2 мемлекеттің территориялық бөлінісі мен ықпал еткен аймағын анықтап, империализм, монархия, ұғымдарын түсіндіруге қиналады<br><input type="checkbox"/> | 1/2 мемлекеттің территориялық бөлінісі мен ықпал еткен аймағын анықтап, империализм, монархия, ұғымдарын түсіндіруге қателіктер жібереді<br><input type="checkbox"/> | 1/2 мемлекеттің территориялық бөлінісі мен ықпал еткен аймағын анықтап, империализм, монархия, ұғымдарын түсіндіреді<br><input type="checkbox"/> |
| Соғыстағы техникалар мен стратегиялардың рөліне баға береді        | Сомма және Верден шайқасында қолданылған әскери техникалар мен стратегияларды дәлелдер келтіре отыра талдауда қиналады<br><input type="checkbox"/>        | Сомма және Верден шайқасында қолданылған әскери техникалар мен стратегияларды дәлелдер келтіре отыра талдауда қателіктер жібереді<br><input type="checkbox"/>        | Сомма және Верден шайқасында қолданылған әскери техникалар мен стратегияларды дәлелдер келтіре отыра талдайды<br><input type="checkbox"/>        |
| Ұлттар Лигасы мен Версаль-Вашингтон жүйесіне баға береді           | Ұлттар Лигасы/Версаль-Вашингтон жүйесінің мақсатын анықтап, рөліне баға беруге қиналады<br><input type="checkbox"/>                                       | Ұлттар Лигасы/Версаль-Вашингтон жүйесінің мақсатын анықтап, рөліне баға беруде қателіктер жібереді<br><input type="checkbox"/>                                       | Ұлттар Лигасы/Версаль-Вашингтон жүйесінің мақсатын анықтап, рөліне баға береді<br><input type="checkbox"/>                                       |

## 2-бөлім «Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ресей мен Азия елдері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

### Тақырып

1917-1924 жылдарда Ресей қаншалықты өзгерді?  
Неліктен Мұстафа Кемалді «Ататүрік» деп атады?

### Оқу мақсаты

- 8.3.1.1 Қоғамдық-саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын талдау
- 8.2.1.1 Тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыру арқылы мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау
- 8.1.1.1 Тарихи оқиғаның нәтижелерін талдау арқылы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан төңкерісінің әсерін сипаттау

### Бағалау критерийі

#### Білім алушы:

- Қоғамдағы саяси ағымдардың әсеріне баға береді
- Мемлекет мен діннің өзара қатынасын түсіндіреді
- Қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік жағдайды анықтайды

### Ойлау деңгейі

дағдыларының Жоғары деңгей дағдылары

### Орындау уақыты

20 минут

### Тапсырма

1. XX ғасырдың басындағы Ресейдегі қоғамдық-саяси жағдайды дәлел келтіріп сипаттаңыз.

Ресей патшалығы кезінде  
Кеңес билігі кезінде  
Не өзгеріссіз қалды?

2. Берілген дереккөздің негізінде Кеңес билігінің діни саясаты бойынша кестедегі сұрақтарға жауап беріңіз.



Плакаттағы жазу *Дін деген у. Балаларды қорға*

|                                             |  |
|---------------------------------------------|--|
| Діни саясаттың қоғамдағы көрінісі НЕ болды? |  |
| Атеистік саясат НЕ ҮШІН жүргізілді?         |  |

|                                           |  |
|-------------------------------------------|--|
| Атеисттік саясаттың ҚАНДАЙ салдары болды? |  |
|-------------------------------------------|--|

3. Мұстафа Кемалдың діни саясатына талдау жасаңыз.

Мұстафа Кемалдың діни саясатының ерекшелігі неде болды?

- a) \_\_\_\_\_
- b) \_\_\_\_\_

4. Қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік жағдайды сипаттаңыз.

|                                        |    |
|----------------------------------------|----|
| 1917 жылғы қазан төңкерісінің ұрандары |    |
| a)                                     | b) |

↓

|                                                  |    |
|--------------------------------------------------|----|
| Қазан төңкерісінің ұрандарын халық неге қолдады? |    |
| a)                                               | b) |

↓

|                                                                    |
|--------------------------------------------------------------------|
| Қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік саладағы 1 өзгерісті жазыңыз |
|                                                                    |



| Бағалау критерийі                                        | Тапсырма № | Дескриптор                                                                   | Балл |
|----------------------------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------------------|------|
|                                                          |            | Білім алушы                                                                  |      |
| Қоғамдағы саяси ағымдардың әсеріне баға береді           | 1          | Ресей патшалығы кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайды дәлел келтіріп сипаттайды; | 1    |
|                                                          |            | Кеңес билігі кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайды дәлел келтіріп сипаттайды;    | 1    |
|                                                          |            | қоғамдық-саяси жағдайда өзгеріссіз жағдайды дәлел келтіріп сипаттайды;       | 1    |
| Мемлекет мен діннің өзара қатынасын түсіндіреді          | 2          | атеистік саясатының қоғамдағы көрінісін түсіндіреді;                         | 1    |
|                                                          |            | атеисттік саясатының себебін түсіндіреді;                                    | 1    |
|                                                          |            | атеисттік саясаттың салдарын талдайды;                                       | 1    |
|                                                          | 3          | М.Кемалдың діни саясатының 1-ерекшелігін жазады;                             | 1    |
|                                                          |            | М.Кемалдың діни саясатының 2-ерекшелігін жазады;                             | 1    |
| Қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік жағдайды анықтайды | 4          | қазан төңкерісінің 1-ұранын анықтайды;                                       | 1    |
|                                                          |            | қазан төңкерісінің 2-ұранын анықтайды;                                       | 1    |
|                                                          |            | қазан төңкерісінің ұранын қолдаудың 1-себебін түсіндіреді;                   | 1    |
|                                                          |            | қазан төңкерісінің ұранын қолдаудың 2-себебін түсіндіреді;                   | 1    |
|                                                          |            | қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік саладағы өзгерісті түсіндіреді.        | 1    |
| Барлығы                                                  |            |                                                                              | 13   |

**«Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Ресей мен Азия елдері»  
бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні:** \_\_\_\_\_

| Бағалау критерийі                                        | Оқу жетістігі деңгейі                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                              |
|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                          | Төмен                                                                                                                                                           | Орта                                                                                                                                                                       | Жоғары                                                                                                                                                       |
| Қоғамдағы саяси ағымдардың әсеріне баға береді           | Ресей патшалығы және Кеңес үкіметі кезіндегі қоғамдық-саяси жағдай мен өзгеріссіз қалған мәселені түсіндіруде қиналады<br><input type="checkbox"/>              | Ресей патшалығы және Кеңес үкіметі кезіндегі қоғамдық-саяси жағдай мен өзгеріссіз қалған мәселені түсіндіруде қателіктер жібереді<br><input type="checkbox"/>              | Ресей патшалығы және Кеңес үкіметі кезіндегі қоғамдық-саяси жағдай мен өзгеріссіз қалған мәселені түсіндіреді<br><input type="checkbox"/>                    |
| Мемлекет мен діннің өзара қатынасын түсіндіреді          | Ресейдегі діни саясаттың қоғамдағы көрінісін, себебін, салдарын анықтап, М.Кемалдың діни саясатының 1/2 ерекшелігін жазуда қиналады<br><input type="checkbox"/> | Ресейдегі діни саясаттың қоғамдағы көрінісін, себебін, салдарын анықтап, М.Кемалдың діни саясатының 1/2 ерекшелігін жазуда қателіктер жібереді<br><input type="checkbox"/> | Ресейдегі діни саясаттың қоғамдағы көрінісін, себебін, салдарын анықтайды және М.Кемалдың діни саясатының 1/2 ерекшелігін жазады<br><input type="checkbox"/> |
| Қазан төңкерісінен кейінгі әлеуметтік жағдайды анықтайды | Қазан төңкерісінің 1/2-ұрандарын, оны халықтың қолдауының 1/2-себебін және өзгерісті анықтауда қиналады<br><input type="checkbox"/>                             | Қазан төңкерісінің 1/2-ұрандарын, оны халықтың қолдауының 1/2-себебін және өзгерісті анықтауда қателіктер жібереді<br><input type="checkbox"/>                             | Қазан төңкерісінің 1/2-ұрандарын, оны халықтың қолдауының 1/2-себебін және өзгерісті анықтайды<br><input type="checkbox"/>                                   |

## II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### 3-бөлім «Әлемдік экономикалық дағдарыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тақырып                    | Уолл-стриттің күйреу себептері мен салдары қандай?<br>Әлем елдері Ұлы дағдарыстан қалай шықты?                                                                                                                                                                                       |
| Оқу мақсаты                | 8.4.1.3 Тарихи оқиғаларды талдау үшін «бағалы қағаздар нарығы», «акция», «алыпсатарлық», «қор биржасы», «несие», «банкроттық», «инфляция» ұғымдарын пайдалану<br>8.4.1.5 1930 жылдардағы құрылымдық экономикалық дағдарыстың нәтижесінде экономикада орын алған өзгерістерді анықтау |
| Бағалау критерийі          | Білім алушы <ul style="list-style-type: none"><li>Ұғымдарды пайдаланып экономикалық дағдарысты сипаттайды</li><li>Экономикалық дағдарыстан кейінгі өзгерістерді талдайды</li></ul>                                                                                                   |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Жоғары деңгей дағдылары                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Орындау уақыты             | 20 минут                                                                                                                                                                                                                                                                             |

#### Тапсырма

1. 1929-1933 жылдардағы әлемдік дағдарыстың себебін және салдарларын анықтаңыз.

| Дағдарыс себебі | Дағдарыс салдары |
|-----------------|------------------|
|                 |                  |

2. Ұғымдарды пайдана отырып, дағдарыстың көріністерін жазыңыз.

- а) «несие» \_\_\_\_\_  
б) «инфляция» \_\_\_\_\_  
с) «банкроттық» \_\_\_\_\_

3. 1930 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыстың төмендегі елдерге әсерін жазыңыз.

| Сұрақтар                        | Англия | Германия |
|---------------------------------|--------|----------|
| Дағдарыс неге қатты әсер етті?  |        |          |
| Экономикалық реформалардың мәні |        |          |

4. XX ғасырдың 30-жылдардағы экономикалық дағдарысқа дейінгі және кейінгі жағдайды сипаттаңыз.



| Бағалау критерийі                                       | Тапсырма № | Дескриптор                                                       | Балл |
|---------------------------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------|------|
|                                                         |            | Білім алушы                                                      |      |
| Ұғымдарды пайдаланып экономикалық дағдарысты сипаттайды | 1          | экономикалық дағдарыстың себебін анықтайды;                      | 1    |
|                                                         |            | экономикалық дағдарыстың салдарын анықтайды;                     | 1    |
|                                                         | 2          | ұғымды пайдалана отырып, дағдарыстың 1-көрінісін сипаттайды;     | 1    |
|                                                         |            | ұғымды пайдалана отырып, дағдарыстың 2-көрінісін сипаттайды;     | 1    |
|                                                         |            | ұғымды пайдалана отырып, дағдарыстың 3-көрінісін сипаттайды;     | 1    |
| Экономикалық дағдарыстан кейінгі өзгерістерді талдайды  | 3          | дағдарыстың Англияға әсерінің себебін түсіндіреді;               | 1    |
|                                                         |            | дағдарыстың Германияға әсерінің себебін түсіндіреді;             | 1    |
|                                                         |            | Англияның экономикалық реформасының мәнін түсіндіреді;           | 1    |
|                                                         |            | Германияның экономикалық реформасының мәнін түсіндіреді;         | 1    |
|                                                         | 4          | экономикалық дағдарысқа дейінгі жағдайды сипаттайды;             | 1    |
|                                                         |            | экономикалық дағдарыстан кейінгі өзгерісті сипаттайды;           | 1    |
|                                                         |            | экономикалық дағдарыс кезінде өзгеріссіз қалған жағдайды жазады. | 1    |
| Барлығы                                                 |            |                                                                  | 12   |

**«Әлемдік экономикалық дағдарыс» бөлімі бойынша  
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні:** \_\_\_\_\_

| Бағалау критерийі                                       | Оқу жетістігі деңгейі                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                            |
|---------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                         | Төмен                                                                                                                                                                                                                               | Орта                                                                                                                                                                                                                                           | Жоғары                                                                                                                                                                                                                     |
| Ұғымдарды пайдаланып экономикалық дағдарысты сипаттайды | Экономикалық дағдарыстың себебін және салдарларын түсіндіріп, 1/2/3 ұғымдарды пайдаланып дағдарыстың қоғамдағы көрінісін сипаттауда қиналады <input type="checkbox"/>                                                               | Экономикалық дағдарыстың себебін және салдарларын түсіндіріп, 1/2/3 ұғымдарды пайдаланып дағдарыстың қоғамдағы көрінісін сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>                                                               | Экономикалық дағдарыстың себебін және салдарларын түсіндіріп, 1/2/3 ұғымдарды пайдаланып дағдарыстың қоғамдағы көрінісін сипаттайды <input type="checkbox"/>                                                               |
| Экономикалық дағдарыстан кейінгі өзгерістерді талдайды  | Экономикалық дағдарыстың Англия/Германия мемлекетеріне әсерін және реформаларының мәнін түсіндіріп, экономикалық дағдарысқа дейінгі/кейінгі өзгерістерді және өзгеріссіз қалған мәселені талдауда қиналады <input type="checkbox"/> | Экономикалық дағдарыстың Англия/Германия мемлекетеріне әсерін және реформаларының мәнін түсіндіріп, экономикалық дағдарысқа дейінгі/кейінгі өзгерістерді және өзгеріссіз қалған мәселені талдауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/> | Экономикалық дағдарыстың Англия/Германия мемлекетеріне әсерін және реформаларының мәнін түсіндіріп, экономикалық дағдарысқа дейінгі/кейінгі өзгерістерді және өзгеріссіз қалған мәселені талдайды <input type="checkbox"/> |

#### 4-бөлім «Тоталитаризм мен демократияның қарама-қарсы тұруы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тақырып                    | 1927-1939 жылдарда кеңестік қоғам қаншалықты өзгерді?<br>Неліктен 20-30-жылдарда Жапонияда милитаризациялау процесі күшейді?<br>Нацистердің саясаты Германия тұрғындарына қандай әсерін тигізді?                                                                                                                                                                                                                             |
| Оқу мақсаты                | 8.1.1.2 Социалистік қоғамның дамуына байланысты әлеуметтік топтардың (жұмысшы табы, шаруалар, зиялылар) мәртебесіндегі өзгерісті талдау<br>8.1.2.1 Қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын талдау<br>8.3.1.2 Тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдердің қалыптасу алғышарттары мен тарихын түсіндіру |
| Бағалау критерийі          | <b>Білім алушы</b> <ul style="list-style-type: none"><li>Социалистік қоғамның әлеуметтік топтардың мәртебесіне әсерін талдайды</li><li>Реакцияшыл идеологияның әлеуметтік жағдайға ықпалын талдайды</li><li>Саяси режимдердің қалыптасу алғышарттары мен тарихын сипаттайды</li></ul>                                                                                                                                        |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Жоғары деңгей дағдылары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Орындау уақыты             | 20 минут                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

#### Тапсырма

- Берілген мәтінді қолданып, КСРО-дағы 1920-1930 жылдардағы қабылданған шешімдердің әлеуметтік топтарға әсерін салалар бойынша талдаңыз.

1926—1928 жылдарда Кеңес үкіметі ескі зауыттар мен фабрикаларды жөндеуге және жаңа кәсіпорындарды салуға арналған қаржыны 3 есе көбейтті. 1930 жылдардың соңында Кеңес Одағы өнеркәсіп өнімін шығару жөнінен Еуропада бірінші орынға және дүниежүзінде екінші орынға шығып, индустриялы-аграрлы елге айналды.

1932—1933 жылдарда ел ашаршылыққа ұшырады. Украинада, Еділ бойында, Қазақстанда сансыз адам қырылды. Қазақ ұлты 2,5 млн-нан астам адам шығынын шекті. 1937 жылы шаруалардың 93%-ы ұжымшар қатарында болды.

1930 жылы лагерьлерді басқаратын ОГПУ құрылып, кейін ол ГУЛАГ ОГПУ атала бастады. Халық жауы деп айып тағылған тұтқындар аса ауыр жағдайларда ұсталды.

Экономикалық сала \_\_\_\_\_

Саяси сала \_\_\_\_\_

Әлеуметтік сала \_\_\_\_\_

Мәдени сала \_\_\_\_\_

- Жапонияға реакцияшыл идеологияның әлеуметтік жағдайға ықпалын талдаңыз.

| Идеологиялар | Қоғамға ықпалы |
|--------------|----------------|
| тоталитаризм |                |
| шовинизм     |                |

|        |  |
|--------|--|
| фашизм |  |
|--------|--|

3. Франция мен Испаниядағы «Халықтық майданның» қоғамдық-саяси өмірге ықпалын салыстырып, ой-түйін жасаңыз.

| Франциядағы халықтық майдан                              | Ұқсастықтары | Испаниядағы халықтың майдан |
|----------------------------------------------------------|--------------|-----------------------------|
| 1                                                        | 1            | 1                           |
| Халықтық майданның жалпы Еуропаға әсері туралы ой-түйін. |              |                             |

4. Германиядағы нәсілшілдік жүйенің қоғамға ықпалын талдаңыз.

|                                                                    |
|--------------------------------------------------------------------|
| Германиядағы нәсілшілдік жүйенің қалыптасуына әсер еткен факторлар |
| 1                                                                  |
| 2.                                                                 |
| Нәсілшілдік жүйенің қоғамға ықпалы                                 |
|                                                                    |

| Бағалау критерийі                                                     | Тапсырма № | Дескриптор                                                                            |    | Балл |
|-----------------------------------------------------------------------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------|----|------|
|                                                                       |            | Білім алушы                                                                           |    |      |
| Социалистік қоғамның әлеуметтік топтардың мәртебесіне әсерін талдайды | 1          | экономикалық жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіреді;                        | 1  |      |
|                                                                       |            | саяси жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіреді;                               | 1  |      |
|                                                                       |            | әлеуметтік жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіреді;                          | 1  |      |
|                                                                       |            | мәдени жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіреді;                              | 1  |      |
| Реакцияшыл идеологияның әлеуметтік жағдайға ықпалын талдайды          | 2          | тоталитаризмнің қоғамға ықпалын талдайды;                                             | 1  |      |
|                                                                       |            | шовинизмнің қоғамға ықпалын талдайды;                                                 | 1  |      |
|                                                                       |            | фашизмнің қоғамға ықпалын талдайды;                                                   | 1  |      |
|                                                                       | 3          | Франциядағы «халықтың майданның» қоғамдық-саяси өмірге ықпалын түсіндіреді;           | 1  |      |
|                                                                       |            | Испаниядағы «халықтың майданның» қоғамдық-саяси өмірге ықпалын түсіндіреді            | 1  |      |
|                                                                       |            | Франция мен Испаниядағы «халықтың майданның» өзара ұқсастығын анықтайды;              | 1  |      |
|                                                                       |            | «Халықтық майданның» қоғамдық-саяси өмірге ықпалы бойынша қорытынды ой-түйін жасайды; | 1  |      |
|                                                                       | 4          | нәсілшілдік жүйенің қалыптсауына әсер еткен 1- факторды талдайды;                     | 1  |      |
| нәсілшілдік жүйенің қалыптсауына әсер еткен 2- факторды талдайды;     |            | 1                                                                                     |    |      |
| нәсілшілдік жүйенің қоғамдық-саяси өмірге ықпалын талдайды.           |            | 1                                                                                     |    |      |
| Барлығы                                                               |            |                                                                                       | 14 |      |



**«Тоталитаризм мен демократияның қарама-қарсы тұруы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні:** \_\_\_\_\_

| Бағалау критерийі                                                     | Оқу жетістігі деңгейі                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                       | Төмен                                                                                                                                                                                                                                | Орта                                                                                                                                                                                                                                            | Жоғары                                                                                                                                                                                                                      |
| Социалистік қоғамның әлеуметтік топтардың мәртебесіне әсерін талдайды | Экономикалық/саяси/әлеуметтік/мәдени жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/>                                                                                                              | Экономикалық/саяси/әлеуметтік/мәдени жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>                                                                                                              | Экономикалық/саяси/әлеуметтік/мәдени жағдайдың әлеуметтік топтарға әсерін түсіндіреді <input type="checkbox"/>                                                                                                              |
| Реакцияшыл идеологияның әлеуметтік жағдайға ықпалын талдайды          | Тоталитаризм, шовинизм, фашизмнің Жапонияның әлеуметтік жағдайына ықпалын және Франция/Испаниядағы «халықтық майданның» қоғамға ықпалының ерекшеліктері мен ұқтастықтарын талдап, ой-түйін жасауда қиналады <input type="checkbox"/> | Тоталитаризм, шовинизм, фашизмнің Жапонияның әлеуметтік жағдайына ықпалын және Франция/Испаниядағы «халықтық майданның» қоғамға ықпалының ерекшеліктері мен ұқтастықтарын талдап, ой-түйін жасауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/> | Тоталитаризм, шовинизм, фашизмнің Жапонияның әлеуметтік жағдайына ықпалын және Франция/Испаниядағы «халықтық майданның» қоғамға ықпалының ерекшеліктері мен ұқтастықтарын талдап, ой-түйін жасайды <input type="checkbox"/> |
| Саяси режимдердің қалыптасу алғышарттары мен тарихын сипаттайды       | Германиядағы нәсілшілдік жүйенің қалыптасуына әсер еткен 1/2-фактор мен ықпалын түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/>                                                                                                        | Германиядағы нәсілшілдік жүйенің қалыптасуына әсер еткен 1/2-фактор мен ықпалын түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>                                                                                                        | Германиядағы нәсілшілдік жүйенің қалыптасуына әсер еткен 1/2-фактор мен ықпалын түсіндіреді <input type="checkbox"/>                                                                                                        |

### III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

#### 5-бөлім «Екінші дүниежүзілік соғыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тақырып                    | Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері және түйінді оқиғалары қандай?                                                                                                                                                                                   |
| Оқу мақсаты                | Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары мен сабақтары қандай болды?<br>8.3.2.7 Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қарым-қатынастарының сипатын талдау<br>8.3.2.3 Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарын талдау |
| Бағалау критерийі          | <b>Білім алушы</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Соғыс қарсаңындағы әлемдегі халықаралық қатынастарға талдау жасайды</li><li>• II дүниежүзілік соғыстың себеп-салдарлары мен сипатын түсіндіреді</li></ul>                                    |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Жоғары деңгей дағдылары                                                                                                                                                                                                                                 |
| Орындау уақыты             | 20 минут                                                                                                                                                                                                                                                |

#### Тапсырма

- Берілген елдердің ішінен фашистік, антифашистік, бейтарап мемлекеттерді анықтаңыз.
  - А. Голландия
  - В. Албания
  - С. Румыния
  - Д. Греция
  - Е. Чехословакия
  - Ғ. Белгия
  - Г. Жапония
  - Н. КСРО
  - І. Франция
  - Ж. Италия
  - К. АҚШ
  - Л. Германия
  - М. Англия
  - Н. Швеция

| <i>Фашистік блоктың елдері</i> | <i>Антифашистік коалиция елдері</i> | <i>Бейтараптық сақтаған елдер</i> |
